

В методах изучения связи языка, культуры и национального менталитета лингвокультурология соприкасается с концептуальной и когнитивной парадигмами в лингвистике. Представляется логичным, что в лингвокультурологических исследованиях понятия и методы этнолингвистики, когнитивной и концептуальной лингвистики предстают в теснейшем переплетении, однако лингвокультурология постепенно обособливается и вырабатывает свои теоретические и научно-методологические позиции и исследовательский «инструментарий».

В лингвокультурологии как направлении, обращенном к анализу взаимодействия языка и культуры, языка и сознания, заложен поиск новых приемов исследования. Лингвокультурологический метод ориентирован на максимальную экспликацию процессов, которые происходят в сознании носителя языка.

Список литературы:

1. Саяхова Л.Г. Язык и культура: новые аспекты взаимодействия // Учитель Башкортостана. – 2006. – № 2.
2. Маслова, В.А. Лингвокультурология: Учебное пособие /В.А. Маслова. М.: Академия, 2001 (последнее стереотип, изд. 2010 г.).
3. Шмелева, Т.В. Речевой жанр: возможности описания и использования в преподавании языка /Т.В. Шмелева //Русистика. № 2. – Берлин, 1990.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КОНТЕКСТІНДЕГІ ҚР БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

*Қожабаева Жеткерген Ергалиқызы,
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,
Физика, 1-курс магистранты, Қостанай қ.*

Аннотация

Өзектілігі: Физика оқулықтарының материалы негізінде оқушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастырушы бағалау тапсырмаларында қолдану аясын дамыту.

Мақсаты: Жаңартылған білім беру мазмұнында әмбебап оқыту іс-әрекеттерін пайдалану арқылы қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын даярлау.

Түйінді сөздер: ӘОІӘ-әмбебап оқыту іс-әрекеттері, ҚБ–қалыптастырушы бағалау, АКТ-аппараттық-коммуникативтік технология.

Аннотация

Актуальность: Развитие сферы применения универсальных учебных действий учащихся в задачах формативного оценивания на основе материала учебников физики.

Цель: Подготовка заданий формативного оценивания с использованием универсальных учебных действий в обновленном содержании образования.

Ключевые слова: УУД-универсальные учебные действия, ФО-формативное оценивание, ИКТ-информационно-коммуникационная технология.

Abstract

Relevance: Development of the scope of application of universal educational actions of students in the tasks of formative assessment based on the material of physics textbooks.

Goal: Preparation of formative assessment tasks using universal learning activities in the updated content of education.

Keywords: ULA-universal learning activities, FA-formative assessment, ICT-information and communication technology.

Физика пәні бойынша әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырушы бағалау тапсырмаларына шолу

Қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеті – оқушылардың оқу қабілетін, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілетін қамтамасыз ететін әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру болып табылады. [1, 280 б.]

Болашақтың іргетасы ретінде білімнің жаңа мазмұны қалыптасып келе жатқан Қазақстандағы қазіргі заманғы мектеп өзінің бүкіл еліміздің адам әлеуетінің сапасын арттыруға әсер ететін сапасының айтарлықтай өзгеруіне бағытталған. Бұл Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азаматтардың материалдық және рухани жағдайын жақсарту үшін адами капиталды дамыту, барлық адамдар үшін сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы тұрақты экономикалық өсу» көрініс тапқан [2].

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады. [3]

Физиканы оқыту әдістемесі негізінен мектеп үшін мынадай қажетті нақты мәселелерді шешудің жолдарын қарастырады:

1. Мектеп физика пәнінің әрбір басқыштарында оқытылатын оқу материалдарының (жадыхаттарының) көлемін және мазмұнын анықтау.

2. Оқу материалын баяндаудың жүйелілігін анықтау. Оқытылатын материалдың бірізділігі. (оңайдан қиынға)

3. Оқушылардың оқу материалын оңай меңгеруінің тиімді әдістері мен тәсілдері және мұғалімнің әр түрлі әдістемелік түсіндіру амалдарын көрсету.

4. Бағдарламалық материалдарды оқушылардың берік игеруін қамтамасыз ететіндей физиканы оқытудың қажетті материалдық-техникалық базасын (физика кабинеті, эксперименттік және көрнекі құралдар, т.т.) анықтау.

5. Физиканы тереңдетіп оқытуға мүмкіндік туғызатындай сыныптан тыс жұмыстарды (физикалық кеш, үйірме, экскурсия, олимпиада, т.т.) ұйымдастыру мен өткізудің әдістемесін көрсету.

6. Мектепте физиканы оқыту процесінде өткізілетін (ғылыми-материалистік, патриоттық, эстетикалық, этнопедагогикалық, т.с.с.) тәлім-тәрбие жұмыстарға бағыт-бағдар беру.

7. Оқушылардың эксперименттік білімдері мен іскерліктерін және дағдыларын қалыптастырудың жолдарын көрсету. [4, 8 б.]

"Физика" пәнінде шамамен 1000 термин бар. Физика пәнін жаңадан бастаған оқушылар үшін бұл терминдердің барлығы бейтаныс, күрделі, қорқынышты болып көрінеді. Оқушылар тақырыпты толық игеруі үшін оқытудың негізгі базасын қалыптастыру керек, яғни физикалық терминдердің мағынасын түсінуге және есте сақтауға үйрету. Шындығында, біз оқушыға пәндік тілді, яғни физика тілінде үйретуіміз керек.

Әмбебап оқу іс-әрекеттері оқушыға ғылыми, өндірістік, қоғамдық тапсырмаларды өз бетінше және шығармашылықпен шешуге; өз көзқарасын қалыптастыруға және сыни ойлауға; өз білімін жүйелі және үздіксіз өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру арқылы толықтыруға көмектеседі. Бұл екінші буын ББ стандарттарына сай дағдылар. [5, 63-64 б.]

Физика оқулықтарының [6] материалы негізінде оқушылардың әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырушы бағалау тапсырмаларға шолу жасайық!

Оқу мақсаты: 7.1.2.1 – физикалық шамаларды олардың SI- жүйесіндегі өлшем бірліктерімен сәйкестендіру.

1-тапсырма. Физикалық шамалардың өлшем бірліктерін ХБЖ келтіріп, сәйкестендіріңіз!

Секундомер көрсеткіші	100 г	$0,1 \cdot 10^{-3}$	м/с
Велосипедші жылдамдығы	100 мл	600	м ³
Шаршының көлемі	10 минут	5	с
Кітаптың массасы	18 км/сағ	$100 \cdot 10^{-6}$	кг
Мензуркадағы сұйықтықтың көлемі	100 см ³	0.1	м ³

2-тапсырма. Кестені толтырыңыз!

Физикалық шама	Өлшеуіш құралдар	ХБЖ
	Сызғыш	
Жылдамдық		
		с
	Мензурка	
		кг

Оқу мақсаты: 7.2.1.1 – келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру – материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру.

3-тапсырма: Тұжырымдамалар дұрыстығын (True – Т) немесе бұрыстығын (False – F) анықтаңыздар!

1	TF	Траектория...	
	..	a)	бұл дененің қозғалатын сызығы
	..	b)	эрқашан түзу сызық
	..	c)	түзу немесе қисық болуы мүмкін
	..	d)	қатты, үзік-үзік немесе сынған сызық болуы мүмкін
2	TF	Жол ...	
	..	a)	бұл дененің қозғалатын траекториясының ұзындығы
	..	b)	бұл скалярлық шама
	..	c)	СИ жүйесінде метрмен өлшенеді
	..	d)	Егер дене қозғалыс бағытын өзгертпестен түзу сызықпен қозғалса, қозғалыс модуліне тең болады.
3	TF	Орын ауыстыру ...	
	..	a)	Бұл векторлық шама
	..	b)	Дененің қозғалыс бағытына байланысты
	..	c)	Траекторияның бастапқы және соңғы нүктелері арасындағы ең аз қашықтық
	..	d)	Әрқашан түзу сызық

4-тапсырма: [Квадрат жақшалар] жолағынан қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыздар!

..... немесе материалдық 1 деп санақ денесімен байланысқан
 орын ауыстыруы – дененің жүйесі мен айтамыз
 бастапқы мен 2 [сағат, координата, санақ жүйесі].
 орынын байланыстырушы
 [вектор, орын, соңғы, дене, нүкте].

5-тапсырма: Әр сөйлемді мұқият оқып шығыңыз, (жақшада) дұрыс емес сөзді алып тастап, ал дұрыс сөздің астын сызып көрсетіңіз!

Салыстырмалы қозғалыс – (тыныштықта/жылжымалы) тұрған нүктенің санақ (жүйесіне/денесіне) қатысты орын ауыстыратын (жылжымалы/тыныштықтағы) санақ жүйесімен салыстырғандағы қозғалысы.

(Траектория/орын ауыстыру) – материялық нүктенің қозғалыс барысында артында қалдырған ізі.

Орын ауыстырудың мәні нөлге тең бола (алады/алмайды).

Жоғары аталған тапсырмалардың барлығы дерлік – орта деңгей оқушыларына арналып жасалған. Бұл тапсырмалардың кейбіреулерін жиынтық бағалау жұмыстарында қолдануға болады. Тапсырмаларды бағалау парағы көрсетілген критерийлер бойынша тексеріп, бағалау жүргізілу қажет.

Бағалау парағы:

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
7.1.2.1 – физикалық шамаларды олардың SI- жүйесіндегі өлшем бірліктерімен сәйкестендіру.	1	Білім алушы	
		уақыттың өлшем бірлігін ХБЖ-не келтіреді	1
	2	жылдамдықтың өлшем бірлігін ХБЖ-не келтіреді	1
		көлемнің см ³ өлшем бірлігін ХБЖ-не келтіреді	1
		массаның өлшем бірлігін ХБЖ-не келтіреді	1
		көлемнің мл өлшем бірлігін ХБЖ-не келтіреді	1
		Өлшеуіш құралға сәйкес физикалық шама мен ХБЖ-н жазады	1
		Физикалық шаманы өлшеуіш құрал мен ХБЖ-н жазады	1
		Өлшеуіш құралға сәйкес физикалық шама мен ХБЖ жазады	1
		ХБЖ-мен өлшенетін физикалық шаманы және зерттеуші құралды жазды	1
7.2.1.1 – келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру – материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру.	3	Траекторияға дұрыс тұжырымдама жасайды	1
	4	Жолға дұрыс тұжырымдама жасайды	1
		Орын ауыстыруға дұрыс тұжырымдама жасайды	1
5	Орын ауыстырудың тұжырымдамасын жазады	1	
	Тұжырымдаманы дұрыс аяқтайды	1	
	Салыстырмалы қозғалысты дұрыс тұжырымдайды	1	
Жалпы бал:		Тиісті физикалық шаманы анықтайды	1
		Дұрыс шаманы (мәнді) сипаттайды	1
			17

Әдебиеттер тізімі:

1. Козлова, В.В. Фундаментальное ядро содержания общего образования: учебник / В.В. Козлова, А. М. Кондакова. – Москва : Просвещение, 2010. С. 274 – 302.

2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118.

URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>

3. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.

4. Мектепте физика курсының оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. /Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С./ – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012. – 195 б.

5. И.А. Завершинская, С.В. Лебедев, Т.В. Туманова Формирование универсальных умственных действий на уроках физики в соответствии с новым ФГОС. Материалы международно-научно-практической конференции «Системно-деятельностный подход в преподавании дисциплин естественнонаучного цикла», Самара 2014. – Самара: ПГСГА, ООО «Порто-принт» 2014. – 63-70 с.

6. Оқулық: Физика, 7-сынып, Р.Башарұлы, Алматы: «Атамұра 2017 ж.».

ХИМИЯДАН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

*Қонысбай Наргиз Қонысбайқызы,
Молдахметова Әния Маралқызы,
Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ,
Х-41 тобының студенттері,*

*Ғылыми жетекші: Нүркенова Әйгерім Дауылбайқызы,
Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ, магистр, Арқалық к.*

Аннотация

Өзектілігі: Мақалада оқыту әдістеріне сүйене отырып, білім беру мақсатын арттыруға бағытталған, оқытушылар мен оқушылардың бірлескен әрекеттерінің реттелген тәсілдері түсіндіріледі.

Мақсаты: Білім беру мазмұнын жаңарту аясында химияны оқытудың әдістерін зерттеп түсіну, пайдалану.

Түйінді сөздер: әдістер, деңгей, құрал, оқытушы, зерттеулер, әдістеме, оқыту.

Аннотация

Актуальность: в статье на основе методов обучения объясняются упорядоченные способы совместной деятельности преподавателей и учащихся, направленные на повышение цели образования.

Цель: изучение и использование методов обучения химии в рамках обновления содержания образования.

Ключевые слова: методы, уровень, инструмент, преподаватель, исследования, методика, обучение.

Abstract

Relevance: based on teaching methods, the article explains regulated approaches to joint actions of teachers and students aimed at improving the educational goal.

Goal: to study, understand and use methods of teaching chemistry in the context of updating the content of Education.

Keywords: methods, level, tool, teacher, research, methodology, training.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі деп жастарды тәулік сайын түрленген технолоиялық дәуірдің қарқынынан қаймықпай, білім кеңістігінде мемлекет ұсынған мүмкіндіктерден құр қалмай, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға қауқарлы болуында деп атап өтті. Білім мазмұнын жаңарту, бірінші кезекте, орта білім берудің өзіндік моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеу тәсілдерін және әдістерін қайта қарау, білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу болып табылады.

Г.И. Шукина өз еңбегінде оқыту әдістерін, көптеген байланыстар мен оларға тәуелділігіне қызмет көрсететін оқыту үдерісінің қиындатылған құрамдас бөлігі ретінде қарастырады .